



## Қазақстан Республикасының Еуразиялық экономикалық қоғамдастық жанындағы Тұрақты өкілі туралы ережені бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 11 қазандағы N 701 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 28 тамыздағы № 79 Жарлығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 28.08.2015 № 79 Жарлығымен.**

"Еуразиялық экономикалық қоғамдастық жанындағы Тұрақты өкілдер комиссиясы туралы уақытша ереже туралы" Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Мемлекетаралық Кеңесінің 2001 жылғы 31 мамырдағы N 10 шешіміне сәйкес қаулы етемін:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Еуразиялық экономикалық қоғамдастық жанындағы Тұрақты өкілі туралы ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Еуразиялық экономикалық қоғамдастық жанындағы Тұрақты өкілі мен оның аппаратын қаржыландыру және материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселелерін шешсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
П р е з и д е н т і н і ң  
2 0 0 1                      ж ы л ғ ы                      1 1                      қ а з а н д а ғ ы  
N                      7 0 1                      Ж а р л ы ғ ы м е н  
Бекітілген

## Қазақстан Республикасының Еуразиялық экономикалық қоғамдастық жанындағы Тұрақты өкілі туралы ЕРЕЖЕ

### 1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Еуразиялық экономикалық қоғамдастық жанындағы Тұрақты өкілі (бұдан әрі - Тұрақты өкіл) Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын және қызметтен босататын

лауазымды адам болып табылады.

Тұрақты өкіл өз қызметінде Қазақстан Республикасының Президентіне, Үкіметіне және Сыртқы істер министрлігіне есеп береді.

2. Тұрақты өкіл лауазымы бойынша Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісіне теңестіріледі.

Тұрақты өкілге "Дипломатиялық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес дипломаттық дәреже беру туралы ереже қ о л д а н ы л а д ы .

3. Тұрақты өкіл өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Еуразиялық экономикалық қоғамдастығын құру туралы шартқа, Еуразиялық экономикалық қоғамдастық жанындағы Тұрақты өкілдер комиссиясы туралы уақытша ережеге және Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Мемлекетаралық Кеңесінің өзге де шешімдеріне, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізеді.

## **2. Тұрақты өкілдің негізгі міндеттері, функциялары және құқықтары**

4. Тұрақты өкілдің негізгі міндеттері:

Еуразиялық экономикалық қоғамдастықта (бұдан әрі - ЕурАзЭҚ) Қазақстан Р е с п у б л и к а с ы н ы ң өкілдігі;

ЕурАзЭҚ шеңберінде ұлттық мүдделерді қорғау және Қазақстан Республикасының сыртқы саяси бағытын іске асыру болып табылады.

5. Тұрақты өкілдің функциялары:

Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің, Сыртқы істер министрлігінің тапсырмаларын, сондай-ақ басқа да мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен келісілген тапсырмалары мен сұрауларын орындау;

ЕурАзЭҚ шеңберінде ынтымақтастықты дамытудың жай-күйі мен негізгі ү р д і с т е р і н т а л д а у ;

Қазақстан Республикасының Президентін, Үкіметін, Сыртқы істер министрлігін, басқа да мемлекеттік органдарын ЕурАзЭҚ қызметінің мәселелері бойынша белгіленген тәртіппен хабардар ету, Қазақстан Республикасының ЕурАзЭҚ қызметіне қатысуын қамтамасыз ету жөнінде белгіленген тәртіппен ұ с ы н ы с т а р е н г і з у ;

ЕурАзЭҚ органдарының мәжілістеріне қатысу және ЕурАзЭҚ шеңберінде Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделеріне сай келетін экономикалық және қаржылық шешімдерді қабылдау кезінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің

атынан белгіленген тәртіппен келісілген ұсыныстар енгізу;

Қазақстан Республикасының ЕурАзЭҚ шеңберінде халықаралық шарттар жасасуы туралы келіссөздер жүргізу, ЕурАзЭҚ қызметіне жататын мәселелер бойынша шарттар жобаларын және басқа да құжаттарды әзірлеуге қатысу;

ЕурАзЭҚ органдарымен, ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің Тұрақты өкілдерімен және мемлекеттік органдарымен, ЕурАзЭҚ жанындағы бақылаушылармен өзара іс-әрекет жасау;

Мемлекетаралық Кеңестің шешімдеріне және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де функцияларды орындау.

6. Тұрақты өкілдің негізгі міндеттерді іске асыру және өз функцияларын жүзеге асыру мақсатында мынадай құқықтары бар:

мүдделі министрліктер мен ведомстволар басшыларымен келісім бойынша ЕурАзЭҚ органдарының және Еуразиялық экономикалық қоғамдастық жанындағы Тұрақты өкілдер комиссиясы мәжілістерінің қарауына енгізілетін құжаттар мен шешімдер жобаларына консультациялар, пысықтау және сараптама жүргізу үшін мамандарды, сарапшыларды және ғалымдарды тарту;

Тұрақты өкіл құзыретіне кіретін мәселелерді шешу үшін қажетті құжаттар мен өзге де материалдарды Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен ұйымдарынан сұрату және алу;

Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің және Сыртқы істер министрлігінің қарауына ЕурАзЭҚ органдары қабылдаған шешімдерге сәйкес Қазақстан Республикасының заңдарына, сондай-ақ Тұрақты өкіл мен оның аппаратының қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнiнде ұсыныстар жасау;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес басқа да құқықтарды жүзеге асыру.

### **3. Тұрақты өкіл мен оның аппаратының қызметін қамтамасыз ету**

7. Тұрақты өкіл өз қызметін қамтамасыз ету үшін аппарат құрады.

Тұрақты өкіл аппаратының штат санының лимитін, құрылымын, сондай-ақ Тұрақты өкіл мен оның аппаратын ұстауға жұмсалатын шығыстарының сметасын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Тұрақты өкіл мен оның аппараты ЕурАзЭҚ Интеграциялық Комитеті тұрған жерде орналасады.

8. Тұрақты өкіл мен оның аппаратын қаржыландыру және материалдық-техникалық қамтамасыз ету республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК